



УДК 398
ББК 82.3 (5 Каз)
Т 14

Құрастырған Тұрсынов Едіге

Т 14 Таза мінсіз асыл сөз. (XV–XVII ғасырлардағы жыраулардың шығармалары)/құраст. Е. Тұрсынов. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2014. – 112 б., суретті.

ISBN 978-601-01-1561-3

УДК 398
ББК 82.3 (5 Каз)

ISBN 978-601-01-1561-3

© Тұрсынов Едіге, 2014
© ЖШС «Алматыкітап баспасы», 2014

Таза мінсіз асыл сөз

(XV–XVII ғасырлардағы
жыраулардың шығармалары)

Мектеп оқушыларына арналған (11+)



Алматыкітап баспасы
2014

КІРІСПЕ

Жыраулық өнер көне түркі дәуірінен бастау алып, күні бүгінге дейін дамып келе жатқан тарихи мәдени мұра. Оның түп-тегін сонау орхон жазбалары мен оғыз дәуірінің эпикалық мұраларынан көреміз. Сол дәуірлерден бізге жеткен жазба ескерткіштердің бірі – «Қорқыт ата кітабы».

XV ғасырдың соңы мен XVII ғасырдың бас кезінде қазақ халқы өзінің тұңғыш мемлекеттік құрылымы – қазақ хандығын құрып, мемлекеттің іргетасын қалап, нығая бастады. Осы кезеңде ұлттық әдебиетіміз бен қолөнеріміз дамып, мәдениетіміз де өзіндік сипат ала бастады. Олай дейтініміз: осы ғасырларда өмір кешкен ақын-жыраулардың поэзияларынан халықтың ой-өрісін, салт-санасын, тілек-мақсатын айқын аңғаруға болады.

Жыраулар шығыс поэзиясы дәстүрімен өмірдің өтпелілігін жырлап, ізгілік пен инабатты дәріптеген. Өз шығармаларын нақыл, өсиет түрінде айтып, ел мүддесін бірінші орынға қойған. Бұл олардың көрегендік, даналық, көсемдік табиғатымен тікелей байланысты. Олар заман хақында толғанып, ата-бабаларымыздың ерлік, елдік іс-әрекеттерін кейінгі ұрпаққа жеткізуді негізгі мақсаты етіп қойған.

Жыраулық өнердің тағы бір ерекшелігі поэзия, музыкалық мақам және орындаушылық шеберліктің бірлігінде. Бұл ерекшеліктерін алып тастар болсақ, жырау тұлғасына тән қасиеттер толық анықталмаған болар еді.

Жыраулар – тура айтар өткір де әділ би, жөні келгенде жыр мен қаруды бірдей жұмсап жауға аттанар жауынгер қолбасы да болған.

М. Әуезов жырауларды ерекше салмағы бар қоғамдық тұлға ретінде бағалап, олардың негізгі функциясы өлеңшілік емес, елге басшылық жасап, басалқы айту, хан қасындағы қалың елдің ішінен қосылған қариялар кеңесінің өкілдері деп бағалаған.

Ұсынылып отырған «Таза мінсіз асыл сөз» басылымына XV–XVII ғасырларда өмір сүрген қазақ даласының қоғамдық-саяси, әлеуметтік ой-пікірлерінің көшбасшысы болған жыраулар мектебінің белгілі өкілдері – Асанқайғы (XV ғасыр), Қазтуған, Доспамбет жырау (XVI ғасыр), Шалкиіз жырау (1465–1560 жылдары), Марғасқа жырау (XVII ғасыр), Жиёмбет жырау (XVII ғасыр), Ақтамберді жырау (1675–1768 жылдары) мұралары беріліп отыр.

Жыраулар поэзиясымен танысу барысында сөз маржандарының ойшылдық, даналық және көркемдік деңгейімен танысасыңдар, халқымыздың басынан кешірген тарихи кезеңдердің қадір-қасиетін біліп, тәлімдік, танымдық ой дүниесіне енесіңдер. Жыраулар шығармаларының ел тарихы, халық тарихы екеніне көз жеткізесіңдер.

Ата-бабаларымыздың рухымен жеткен осы жыраулық дәстүрден көз жазып қалмай, оның жанашыры болып, дамытып, жетілдіріп отыру – бүгінгі ұрпақтың парызы.



Асанқайғы

(XV ғасыр)

Асан – өз заманының асқан ақылгөйі, ірі сөз зергері, терең ойшыл ақын. Жыраудың өзі айтқандай, онан қалған «таза мінсіз асыл сөз» аз болмаса керек, бірақ олардың бәрі біздің заманымызға жетпеген. Асан атына «қайғы» деген сөз қосылуы да көп нәрсені аңғартады. Мұнан біз оның желмаяға мініп, еліне шұрайлы, жайлы қоныс, шүйгін жер іздеумен өмір кешкен халық қамқоры екенін танимыз. Асан – ел тыныштығын армандаған жырау.

Асан жырлары тек өзінің мазмұнымен ғана емес, көркемдік сапасымен де құнды. Жырау поэзиясы толғау түрінде жазылған.

Қырында киік жайлаған

...Қырында киік жайлаған,
Суында балық ойнаған,
Оймауыттай тоғай егіннің
Ойына келген асын жейтұғын,
Жемде кеңес қылмадың,
Жемнен де елді көшірдің.
Ойыл деген ойынды,
Отын тапсаң тойынды,
Ойыл көздің жасы еді,
Ойылда кеңес қылмадың,
Ойылдан елді көшірдің.
Елбең-елбең жүгірген,
Ебелек отқа семірген,
Екі семіз қолға алып,
Ерлер жортып күн көрген,
Еділ деген қиянға,
Еңкейіп келдің тар жерге,
Мұнда кеңес қылмадың.
Кеңестің түбі нараду ...

* * *

Нәлет біздің жүріске,
Еділ менен Жайықтың
Бірін жазға жайласаң,
Бірін қысқа қыстасаң,
Ал қолыңды маларсың
Алтын менен күміске!

Құйрығы жоқ, жалы жоқ

Құйрығы жоқ, жалы жоқ,
Құлан қайтіп күн көрер?!
Аяғы жоқ, қолы жоқ,
Жылан қайтіп күн көрер?!
Шыбын шықса жаз болып,
Таздар қайтіп күн көрер?!
Жалаңаяқ балапан,
Қаздар қайтіп күн көрер?!

* * *

Елім қайтіп күн көрер?!

Бұл заманда не ғаріп?

Бұл заманда не ғаріп?
Ақ қалалы боз ғаріп,
Жақсыларға айтпаған
Асыл шырын сөз ғаріп.
Замандасы болмаса,
Қариялар болар тез ғаріп.
Қадірін жеңге білмесе,
Есейіп жеткен қыз ғаріп.
Ел жағалай қонбаса,
Бетегелі бел ғаріп.
Қаз-үйрегі болмаса,
Айдын-шалқар көл ғаріп.
Мүритін тауып алмаса,
Азғын болса пір ғаріп.
Атажұрты бұқара
Өз қолында болмаса,
Қанша жақсы болса да,
Қайратты туған ер ғаріп.

Көлде жүрген қоңыр қаз

Көлде жүрген қоңыр қаз
Қыр қадірін не білсін!
Қырда жүрген дуадақ
Су қадірін не білсін!
Ауылдағы жамандар
Ер қадірін не білсін!
Көшіп-қонып көрмеген
Жер қадірін не білсін!
Көшсе, қона білмеген,
Қонса, көше білмеген,
Ақылыңа көнбеген,
Жұрт қадірін не білсін!

Таза мінсіз асыл тас

Таза мінсіз асыл тас
Су түбінде жатады.
Таза мінсіз асыл сөз
Ой түбінде жатады.
Суда жатқан асыл тас
Жел толқытса шығады.
Ойда жатқан асыл сөз
Шер толқытса шығады.



Есті көрсең кем деме

Есті көрсең кем деме,
Бәрі түйғын табылмас.
Қарындасың жамандап,
Өзіңе туған табылмас.
Адам өзіз айтар деп,
Көңіліңді салмағын,
Нәпсі алдаушы дұшпанның
Насихатын алмағын.
Бақыты ашылған ерлердің
Әрбір ісі оң болар.
Дәулеті күнде артылып,
Не қылса да, мол болар,
Тазылары түлкі алып,
Қаршығасы қаз іліп,
Сөз сөйлесе жөн болып,
Не десе де жарасар.
Бай, байсың деп ат қойып,
Ел аузына қарасар.
Арғымаққа міндім деп,
Артқы топтан адаспа.
Күнінде өзім болдым деп,
Кеңпейілге таласпа.
Артық үшін айтысып,
Достарыңмен санаспа.

Ғылымым жұрттан асты деп,
Кеңессіз сөз бастама.
Жеңемін деп біреуді
Өтірік сөзбен қостама.

Еділ бол да Жайық бол...

Еділ бол да Жайық бол,
Ешкімменен ұрыспа,
Жолдасыңа жау тисе,
Жаныңды аяп тұрыспа.
Ердің құны болса да,
Алдыңа келіп қалған соң,
Қол қусырып барған соң,
Аса кеш те қоя бер,
Бұрынғыны қуыспа.
Ақың болса біреуде
Айыбын тап та ала бер,
Ерегісіп ұрыспа.
Сенікі жөн болса да
Атың шықпас дұрысқа.
Мінезі жаман адамға
Енді қайтіп жуыспа.
Тәуір көрер кісіңмен
Жалған айтып суыспа.

Өлетұғын тай үшін,
Көшетұғын сай үшін
Желке терің құрысып,
Әркімменен ұрыспа.
Ашу – дұшпан, артынан
Түсіп кетсең қайтесің
Түбі терең қуысқа!..

Ай, хан, мен айтпасам білмейсің...

Ай, хан, мен айтпасам білмейсің,
Айтқаныма көнбейсің.
Шабылып жатқан халқың бар,
Аймағын көздеп көрмейсің.
Қымыз ішіп қызарып,
Мастанып, қызып терлейсің,
Өзіңнен басқа хан жоқтай
Елеуреп неге сөйлейсің?!
Қорған салдың бейнет қып,
Қызметшің жатыр ішіп-жеп.
...Оны неге білмейсің?!
Қатын алдың қарадан,
Айырылдың хандық жорадан,
Ел ұстайтын ұл таппас,
Айырылар атамұрадан,
Мұны неге білмейсің?!